

Шабандоздардың бүкіл әлемдік бірінші кездесуіне спорттық делегацияның қатысуы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 3 қыркүйек N 415

1. Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің Венгр халқы Отанының 1100-жылдығына арналған 1996 жылдың 16-24 қыркүйегінде Кечкемет қаласында (Венгрия) болатын шабандоздардың бүкіл әлемдік бірінші кездесуіне спорттық делегацияның қатысуы туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне Қазақстанның спорттық делегациясының шабандоздардың бүкіл әлемдік бірінші кездесуіне әзірленуіне және оған қатысуына арнап 1996 жылдың республикалық бюджетінде "Дене тәрбиесі және спорт" 204 бөлімінде спорттық шараларға көзделген қаражат есебінен 51500 (елу бір мың бес жүз) АҚШ долларына тең сомада қаражат бөлсін.

3. Семей, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының әкімдері шабандоздардың бүкіл әлемдік бірінші кездесуіне қатысуға спорттық делегацияны әзірлеуге көмек көрсетсін.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Жастар ісі , туризм және спорт министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр